**«Қазақстанның футбол федерациясы» Қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі Атқару комитетінің от 2019 жылғы 13 қазандағы № 5 /11 хаттамасымен бекітілген**

# ҚАЗАҚСТАН ФУТБОЛ ФЕДЕРАЦИЯСЫНЫҢ ӘДЕП КОДЕКСІ

**Нұр-Сұлтан қаласы, 2019 жыл**

## МАЗМҰНЫ


| | |
|---|---|
| **Кіріспе** | **3** |
| **АНЫҚТАМАЛАР/СӨЗДІК** | **4** |
| **I.ҚОЛДАНУ САЛАСЫ** | **5** |
| **1 бап. Қолдану** | **5** |
| **II.МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ЕРЕЖЕЛЕРІ** | **5** |
| **2 бап. Негізгі ережелер** | **5-6** |
| **3 бап. Лауазымда болу құқығы және лауазымнан босату** | **6** |
| **4 бап. Мүдделер қақтығысы** | **6** |
| **5 бап. Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарға қатысты мінез-құлық** | **6** |
| **6 бап. Кемсітушілікке тиым салу** | **7** |
| **7 бап. Жеке құқықтарды қорғау** | **7** |
| **8 бап. Адалдық және құпиялық** | **7** |
| **9 бап. Сыйлықтар қабылдау және беру, басқа да пайда алу** | **7-8** |
| **10 бап. Парақорлық** | **8** |
| **11 бап. Комиссиялық сыйақы** | **8** |
| **12 бап. Футбол тотализаторына қатысу** | **8** |
| **13 бап. Ақпаратты ашу мен әділдік бойынша міндеттеме** | **9** |
| **III. РӘСІМДІК ЕРЕЖЕЛЕР** | **9** |
| **14 бап. Әдеп жөніндегі комитеттің өкілеттіктері** | **9** |
| **15 бап. Әдеп жөніндегі комитеттің құзыреті** | **9-10** |
| **16 бап. Әдеп жөніндегі комитет төрағасы** | **10** |
| **17 бап. Әдеп жөніндегі комитет хатшысы** | **10** |
| **18 бап. Әдеп жөніндегі комитет мүшелерінің тәуелсіздігі** | **10** |
| **19 бап. Әдеп жөніндегі комитеттің отырысы** | **10-11** |
| **20 бап. ҚФФ Жарғысы мен Тәртіптік регламентін қолдану** | **11** |
| **21 бап. Ынтымақтастық** | **11** |
| **22 бап. Жауапкершілік** | **11** |
| **23 бап. Әдеп жөніндегі комитеттің шешімдері** | **11** |
| **24 бап. Әдеп жөніндегі комитет шешімдеріне шағымдану** | **11** |
| **25 бап. Басқа міндеттер** | **11-12** |
| **IV. Қорытынды ережелер** | **12** |
| **26 бап. Заңды күшіне ену, толықтырулар мен өзгерістер енгізу** | **12** |

# КІРІСПЕ

Осы кодекс Қазақстан Республикасының заңнамаларына, ҚФФ Жарғысына, FIFA-ның Әдеп кодексіне және басқа да FIFA құжаттарына сәйкес Ресми тұлғалардың мінез-құлық стандарттарын анықтау мақсатында дайындалған.

ҚФФ-ке Қазақстан Республикасында футболдың беделі мен тұрақтылығын қамтамасыз ету бойынша ерекше жауапкершілік артылған. ҚФФ футболдың имиджіне, оның ішінде ҚФФ имиджіне өнегесіз немесе әдепсіз тәсілдер мен нормалар нәтижесінде тиген нұқсаннан қорғау үшін әрекет етеді. ҚФФ Әдеп кодексі мінез-құлық қағидаларын, сонымен қатар негізгі құндылықтарды айқындайды.

## АНЫҚТАМАЛАР/СӨЗДІК

**ҚФФ –** «Қазақстанның Футбол федерациясы» Қауымдастығы ЗТБ.
**FIFA** – Халықаралық Футбол Қауымдастықтарының Федерациясы.
**UEFA** –Еуропалық Футбол Қауымдастықтарының Одағы.
**Атқару комитеті** – ҚФФ атқарушы басқару органы.
**Футбол субъектілері** – ҚФФ, ҚФФ мүшелері, КФЛҚ және футбол лигалары, жергілікті футбол федерациялары, футбол клубтары, футболға арналған спорттық ғимараттар және спорт мектептері, ойыншылар, матчтың ресми тұлғалары, бапкерлер, матчтың агенттері мен делдалдары, футбол саласындағы кәсіби одақтар, жанкүйерлер мен олардың бірлестіктері, сондай-ақ футболға қатысты қызмет атқаратын басқа да тұлғалар. «Футбол субъектілері» ұғымына жоғарыда аталып өтілген ұйымдардың қызметкерлері және басқарушы органдарының, комиссиялары мен комитеттерінің мүшелері кіреді.
**Әдеп жөніндегі комитет** – осы Кодекс талаптарын бұзу фактілерін қарастыратын ҚФФ заңды органы.
**Тәртіптік регламент** – ҚФФ регламенттерінде және басқа да құжаттарында анықталған ережелерді бұзушылықтар көрсетілген федерацияның (қауымдастықтың) футбол бойынша қызметін және басқа да жарыстарға қатысушылардың әрекетін, белгіленетін жаза түрлері мен шешімдерге шағымдану тәртібін, осы шешімдерді шығаруға жауапты органдардың ұйымдастырушылық жағы мен қызметін, сонымен бірге органдарда қарау тәртібін реттейтін құжат.
**Бақылаушы-тәртіптік комитет (БТК)** – жарыстарды өткізуге байланысты немесе өткізу кезінде FIFA, UEFA, ҚФФ, футбол лигаларының реттеуші құжаттарын, Ойын ережелерін бұзу фактілерін қарастыратын ҚФФ-тың бірінші сатыдағы заңды органы.
**Жарыстар** – ҚФФ ұйымдастырып, өткізген немесе ҚФФ тапсырмасы бойынша өткізілетін турнирлер.
**Ресми тұлға** – футбол субъектілері болып табылатын ұйымдарда ұйымдастырушылық-басқару немесе әкімшілік-шаруашылық қызмет атқаратын барлық лауазымды тұлғалар, олардың басшыларын (орынбасарларын) қоса алғанда, сонымен қатар басқарушы органдардың мүшелері, бапкерлер, футбол бойынша судьялар, инспекторлар, матч делегаттары, техникалық жұмысшылар, FIFA, UEFA, ҚФФ, КФЛҚ, ҚФФ мүшелерінде, лигаларда немесе клубтарда техникалық, медициналық және әкімшілік мәселелерге жауапты басқа да тұлғалар, ҚФФ заңды органдарының мүшелері.

Осы Кодекстің ережелері сөздер мен сөз тіркестерінің таңдалуына қарамастан әйелдер үшін де, ерлер үшін де қолданылады.
Осы Кодекстің мәтінінде кездесетін барлық атаулар мен анықтамалар олардың мәніне ешқандай нұқсан келтірмей жекеше түрде де, көпше түрде де қолданылуы мүмкін.
Осы Кодекстің барлық анықтамалары ыңғайлы болу үшін тұжырымдалған және осы Кодекстің жеке алғандағы ережелерінің заңи маңыздылығына әсер етпейді.

# I. ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

## 1 бап. Қолдану

1. ҚФФ-тың осы Әдеп кодексі (бұдан әрі - Кодекс) футболдың беделі мен тұтастығына нұқсан келтіретін мінез-құлыққа, атап айтқанда заңсыз, әдепсіз, өнегесіз мінез-құлыққа қатысты қолданылады.

2. Осы Кодекс FIFA, UEFA, ҚФФ реттеуші құжаттарына сәйкес барлық ресми тұлғаларға, ойыншыларға, олардың делдалдарына таралады. Осы Кодексте барлығына «Ресми тұлға» ортақ ұғымы қолданылады.

3. Осы Кодекс ойын алаңында әрекет етуге (әрекетсіздікке) қатысы бар жоғына қарамастан ҚФФ-тағы футбол ойынымен байланысты қатынасын реттейді.

4. Ресми тұлғалар, ойыншылар мен ойыншылар делдалдарының әдебі мен мінез-құлықына қатысты басқа да реттеуші құжаттар (ержелер, регламенттер және т.б.) осы Кодекстің ережелеріне қарама-қайшы келмесе, өзгерісіз қалады.

5. Егер осы Кодексте қандай да бір әдеп бұзуды реттейтін нормалар болмаған жағдайда шешім ҚФФ-да қалыптасқан тәжірибе бойынша немесе ондай әдеттер болмаған жағдайда, заңнамада немесе сот тәртібімен анықталып, қолданысқа енетін бекітілген ережелер бойынша қабылданады.

6. Өз отырыстарында Әдеп жөніндегі комитет спорт доктринасы мен құқықтануда бұрыннан анықталған преценденттер мен қағидаттарға сүйенуі мүмкін.

7. Басқаша жағдайлар көрсетілмеген болса, әрекет ету немесе әрекетсіздікке байланысты ма, бұзушылық қасақана әлде абайсызда жасалды ма оған қарамастан осы Кодекстің талаптарын бұзушылық осы Кодекске сәйкес жазалануға жатады.

8. ҚФФ Әдеп жөніндегі комитеті әдеп қағидаттарының сақталуын бақылайды,осы Кодексте ресми тұлғаларға қатысты белгіленген талаптар мен негізгі мінез-құлық ережелерін бұзушылықты қарастырады, сонымен қатар бұзушылық жасаған үшін тиісті тәртіптік жаза қолданады.

# II. МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ЕРЕЖЕЛЕРІ

## 2 бап. Негізгі ережелер

1. Ресми тұлғалар өз міндеттемелерін орындаудың маңызын, оны бұзуға байланысты жауапкершілікті түсінуі тиіс. Олардың мінез-құлқы FIFA, UEFA және ҚФФ қағидалары мен мақсаттарын сақтауға әсер ететінін және қолдайтынын көрсетеді, олар FIFA, UEFA және ҚФФ реттеуші құжаттарында айқындалған мақсаттар мен міндеттерге нұқсан келтіруі мүмкін барлық әрекеттерден қандай да болмасын тәсілмен тартынуға тиіс. Олар FIFA, UEFA және ҚФФ-ке адалдыққа қолсұғылмаушылты сақтай отырып, осы ұйымдарды адал, лайықты, құрметпен және әдепті түрде көрсетіп, ұсынуы тиіс.

2. Ресми тұлғалар өз қызметтерін орындау кезінде әдеп нормаларын сақтау бойынша міндеттемелерін көрсетуі қажет. Ресми тұлғалар лайықты, адал және әділетті әрекет етіп, өзін ұстауы тиіс.

3. Ресми тұлғалар лауазымын немесе басқа да тәсілмен өз жағдайларын теріс, атап айтқанда өз жағдайының артықшылықтарын жеке мақсаттарда немесе жеке пайда көру үшін пайдалана алмайды.

4. Ресми тұлғалар өзіне міндеттемелерді ала отырып, осы Кодекстің ережелеріне сәйкес болуға міндеттенеді.

5. Ресми тұлғалар осы Кодекске және FIFA, UEFA, ҚФФ құжатарына сәйкес мінез-құлық ережелерін сақтауға, ҚФФ Әдеп жөніндегі комитетінің шешімдерін орындауға міндетті.

**3 бап. Лауазымда болу құқығы және лауазымнан босату**

1. Жоғары деңгейдегі адалдықты көрсететін және ешқандай да ескертусіз осы Кодекс ережелерін сақтауға міндеттеме алған тұлғалар ғана Ресми тұлға ретінде жұмыс істей алады.

2. Сотталғандығы жойылмаған тұлғалар, егер олардың соттылығы берілген міндеттерді орындау қабілетімен сәйкес келмесе, Ресми тұлғаның міндеттерін орындауға құқы жоқ. Осы талаптарға сәйкес келмейтін Ресми тұлғалар өз міндеттерін орындаудан шеттетіледі.

**4 бап. Мүдделер қақтығысы**

1. ҚФФ-да немесе футбол субъектілерінде футболмен байланысты қызмет атқарған кезде немесе сайланғанға, тағайындалғанға дейін Ресми тұлғалар олардың болашақтағы қызметімен байланысты болатын барлық жеке қызығушылықтарын ашуы тиіс.

2. Өз міндеттерін орындаған кезде Ресми тұлғалар мүдделер қақтығысына әкеліп соқтыратын жағдайларды болдырмауы тиіс. Егер Ресми тұлғаларды өз міндеттерін адал, тәуелсіз және мақсатты түрде орындауға кедергі келтіретін, алаңдататын Ресми тұлғалардың жеке қызығушылығы болса немесе осындай қызығушылық болуы мүмкін болса мүдделер қақтығысы туындайды.

3. Өзі, отбасы, туыстары, таныстары мен достары үшін қандай да бір артықшылық алу мүмкіндігі жеке қызығушылық болып табылады.

4. Ресми тұлғалар мүдделер қақтығысы болса немесе осындай жағдай ықтимал болса өз міндеттерін орындай алмайды. Қандай да бір мүдделер қақтығысы дереу ашылып, ол туралы Ресми тұлға өз міндеттерін атқаратын тиісті футбол субъектісіне хабарлау қажет.

5. Бұл мәселе бойынша шешімді тиісті футбол субъектісінің өкілетті органы қабылдайды.

**5 бап. Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарға қатысты мінез-құлық**

1. Осы Кодекске байланысты мәселелер бойынша мемлекеттік мекемелер, ұлттық және халықаралық ұйымдар, бірлестіктер, топтар, жеке тұлғалармен қатынаста Ресми тұлғалар негізгі ережелерді ғана сақтап қана қоймай, FIFA, UEFA және ҚФФ қағидаттары мен мақсаттарына сәйкес саяси бейтарап болуға міндетті және футболдың тұтастығын сақтау функцияларына сәйкес әрекет етуі қажет.

## 6 бап. Кемсітушілікке тиым салу

1. Ресми тұлғаларға нәсілі, терісінің түсі, этникалық, ұлттық немесе әлеуметтік шығу тегін, жынысын, тілін, дінін, саяси немесе басқа да ұстанымдарын, мүліктік жағдайын, тууы немесе басқа да бір мәртебесі, жыныстық бағдары немесе басқа да себептер арқылы елдің, жеке тұлғаның немесе топтың абыройы мен тұтастығын кемсітуіне, қорлайтын сөздерді немесе әрекеттерді пайдалануына болмайды.

## 7 бап. Жеке құқықтарды қорғау

1. Ресми тұлғалар басқа тұлғалардың қол сұғылмаушылығын сыйлауға міндетті. Олар араласатын немесе араласуы мүмкін әр адамның жеке құқығын қорғауды, сыйлауды және қамқор болуды қамтамасыз етуі қажет.

2. Құдалауға тиым салынады. Тұлғаны оқшаулау немесе қуу үшін және оның абыройына тиетін жүйелі түрде өштесу және ұзақ уақыт қайталанатын әрекет құдалау деп саналады.

3. Жыныстық алымсақтыққа тиым салынған. Қаламайтын жыныстық алымсақтық, сұрамайтын, қаламайтын немесе ұнамсыз әрекет жыныстық алымсақтық деп саналады. Қауіп төндіруге, артықшылықтар беруге уәде беруге және мәжбүрлеуга тыйым салынған.

## 8 бап. Адалдық және құпиялық

1. Ресми тұлғалар FIFA, UEFA және ҚФФ алдында фидуциарлық міндеттер атқарады, атап айтқанда адал және сақ болуы тиіс.

2. Орындайтын жұмысына байланысты Ресми тұлғаларға өз міндеттерін атқару кезінде құпия немесе жарияланбай пайдаланатын құпия ақпарат мәлім болуы мүмкін. Қандай да болмасын ақпарат немесе шешім FIFA, UEFA және ҚФФ қағидаттарына сәйкес қабылдануы қажет.

3. Осы Кодекспен қандай да бір байланысы болған Ресми тұлғамен қатынас тоқтатылса да, оның құпиялылықты сақтау міндеттемесін осындай қатынастар тоқтағаннан кейін де сақталады.

## 9 бап. Сыйлықтар қабылдау және беру, басқа да пайда алу

1. Ресми тұлғалар футбол субъектісінің ішінде немесе сыртында тек қана:

а) символикалық немесе тривиалды (жаңа емес, түпнұсқа емес) мағыналы;

б) олардың ресми қызметімен байланысты қандай да бір әсер ететін әрекет немесе әрекетіздікке жол бермейтін;

в) орындап жақан міндеттеріне қайшы келмейтін;

г) заңсыз ақшалай немесе басқа да артықшылықтар жасамайтын;

д) мүдделер қақтығысына әкеліп соқтырмайтын сыйлықтар мен артықшылықтарды беруіне немесе қабылдауына болады.

Осы критерийлерге сәйкес келмейтін басқа да сыйлықтар мен артықшылықтарға тыйым салынады.

2. Күмән болған жағдайда сыйлықтар берілмеуі немесе қабылданбауы тиіс. Барлық жағдайда Ресми тұлғаларға кімнен болмасын барлық сомадағы немесе нысандағы қолма-қол ақша беру немесе алуға тыйым салынады.

3. Ресми тұлғаларға оларды ресми шараларға алып жүретін отбасы мүшелері немесе байланысты тұлғаларға қатысты шығындар, егер FIFA, UEFA және ҚФФ немесе тиісті футбол субъектісі тура рұқсат етпесе, өтелмейді.Қандай да бір рұқсат тиісті түрде ресімделуі қажет.

4. Жоғарыда көрсетілген жағдайлар заңсыз әрекеттерге немесе осындай әрекет жасауға талпынуға әкеліп соқтыратын болса немесе күдік тудырса, Ресми тұлғалар осындай әрекеттер мен мінез-құлыққа жол бермеуі қажет.

**10 бап. Паракорлық**

1. Ресми тұлғалар ҚФФ немесе футбол субъектісінің ішінде немесе сыртында бизнес немесе басқа да артықшылықтарды алу немесе сақтап қалу мақсатында жеке, ақшалай немесе басқа да артықшылықтарды беруіне, уәде етуіне немесе қабылдауына болмайды. Тікелей немесе делдалдар арқылы жанама түрде немесе олармен байланысты немесе солармен бірлесіп жүзеге асырылатына қарамастан мұндай әрекеттерге тыйым салынған.

2. Ресми тұлғалар өздерінің ресми қызметімен байланысты және өз ойы бойынша немесе қызметіне қарамастан, әрекет ету немесе әрекетсіздік жасау үшін ақшалай немесе басқа да артықшылықтарды ұсынуына, уәде етуіне, беруіне немесе алуына болмайды. Қандай да бір осы сияқты ұсыныстар Әдеп жөніндегі комитетке хабарлануы қажет, ал осы талаптың орындалмауы осы Кодекске сәйкес жазалануға жатады.

3. Ресми тұлғаларға ҚФФ немесе футбол субъектісінің активтерін тікелей немесе делдалдар немесе басқа да қызығушы тұлғалар арқылы жанама түрде өзіне алуына тыйым салынады.

4. Жоғарыда көрсетілген жағдайлар заңсыз әрекеттерге немесе осындай әрекет жасауға талпынуға әкеліп соқтыратын болса немесе күдік тудырса, Ресми тұлғалар осындай әрекеттер мен мінез-құлыққа жол бермеуі қажет.

**11 бап. Комиссиялық сыйақы**

1. Ресми тұлғаларға егер тиісті орган тікелей рұқсат бермесе, өз міндеттерін орындау үшін, қандай болмасын шарттарды жасасу үшін өзіне немесе делдалдарға комиссиялық сыйақы алуға немесе осындай комиссиялық сыйақы беру туралы уәделесуге тыйым салынады. Мұндай орган болмаған жағдайда, шешімді осы Ресми тұлға бағынышты орган қабылдайды.

**12 бап. Футбол тотализаторларына қатысу**

1. Ресми тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде футбол матчтарымен байланысты бәс тігу, құмар ойындар, лотерея және осыған ұқсас шаралар мен шарттарды жасасуға, қатысуға тыйым салынады. Осындай шаралар мен шарттарды ұйымдастыратын немесе өткізетін, делдал болатын, қолдайтын компанияларда, концерндерде және т.б. белсенді немесе пассивті түрде ставка жасауға тыйым салынады.

**13 бап. Ақпаратты ашу және әділдік бойынша міндеттемелер**

1. Ресми тұлғаларға жалған құжаттар жасауға, фальсификациялауға

немесе жалған немесе фальсификацияланған құжаттарды пайдалануға тыйым салынады.

2. Ресми тұлғалар осы Кодексті қандай да бір бұзушылық болса, дереу ҚФФ Әдеп жөніндегі комитетіне хабарлауға міндетті. Әдеп жөніндегі комитеттің сұранымы бойынша Ресми тұлғалар істің мән-жайын анықтау немесе бұзушылықтың кейбір мүмкін болатын жағдайларын нақтылау үшін жағдай жасауға, сонымен бірге өз табысы туралы мәліметтерді және тексеріс үшін сұратылған дәлелдемелерді беруге міндетті.

## III. РӘСІМДІК ЕРЕЖЕЛЕР

### 14 бап. Әдеп жөніндегі комитеттің өкілеттіктері

1. Әдеп жөніндегі комитет (бұдан әрі - Комитет) осы Кодекстің құзырына тиесілі барлық мәселелер бойынша келесі органдардың жазбаша сұранымы негізінде шешім қабылдайды:

ҚФФ Атқару комитеті, ҚФФ Атқару комитеті бюросы;

ҚФФ Президенті;

ҚФФ Бас хатшысы;

Футбол субъектісінің Атқару комитеті.

2. Комитет өзінің құзыреттілігіне жататын барлық мәселелер бойынша қарастыруды өз бетінше бастауға құқылы.

3. Комитеттің құрамы ҚФФ Жарғысына сәйкес тағайындалады және бес мүшеден кем болмауы қажет.

4. Комитет түскен өтінім/сұраным бойынша немесе өз бастамасымен тексеріс жүргізіп, отырысын өткізеді.

### 15 бап. Әдеп жөніндегі комитеттің құзыреті

1. Комитет осы Кодексті немесе FIFA, UEFA және ҚФФ басқа да ережелері мен қағидаларынан туындайтын барлық істерді қарастыруға құқылы.

2. Комитет Ресми тұлғалардың өз қызметтік міндеттерін орындау барысында жіберген қателіктеріне, әрекеттеріне баға беруге құқылы. Комитет біркелкі шешім шығару қолайлы болған жағдайда басқа тұлғалардың әрекеті туралы шешім қабылдауға да құқылы.

3. Комитет ҚФФ беделі мен бейнесіне, тұтастығына ауыр нұқсан келтіретін мінез-құлық көрсетсе, Ресми тұлғаларға қатысты тексеріс жүргізіп, шешім қабылдау құқығына ие.

4. Комитет сондай-ақ футбол субъектілеріне қатысты басқа да органдар қандай да бір жағдайлар бойынша шешім қабылдай алмаса, тексеріс жүргізіп, шешім қабылдауға құқылы.

5. Комитет осы Кодекс нормаларын бұзушылықты тәуелсіз және толық көлемде тексереді. Тексеріс жүргізу Комитет хатшысына жүктеледі.

6. Егер Комитет Төрағасы істі қарау үшін толық негіздеме жоқ немесе іс Комитет құзыретіне жатпайды деп санаса, аталған материалдар Комитет отырысына шығарылмайды.

7. Толық тексеру жүргізіп, шешім қабылдау үшін негіздемелер болған жағдайда хатшы тексеріс материалдарын Комитет отырысына ұсынады.

8. Егер іс жүргізу жабылған жағдайларда, ықтимал бұзушылықты көрсететін жаңа фактілер мен дәлелдер пайда болса, Комитет тексерісті қайтадан

бастауы мүмкін.

9. Комитет отырысында іс бойынша іс жүргізуді тоқтату, шешім шығарылып, тәртіптік жазаға тарту, қосымша тексеруге жіберу туралы шешім қабылдануы мүмкін.

10. Отырыс барысында Комитет мінез-құлықтың моральдық және әдеп нормаларына қатысты ҚФФ Тәртіптік регламенті бұзылғаны туралы шешім қабылдауға құқылы.

**16 бап. Әдеп жөніндегі комитет төрағасы**

1. Комитет Төрағасы комитетке жалпы басшылық етеді, комитет отырысының күн тәртібін бекітеді, Комитетті шақыртып, оның отырыстарында төрағалық етеді.

2. Комитет Төрағасы Комитет отырысын өткізбей, бар материалдар негізінде жалғыз өзі келесі шешімдерді қабылдауға құқылы::

А) үш матчқа немесе екі ай мерзіміне дейінгі дисквалификация;

Б) 100 (жүз) ЕАК-ті қоса алғандағы көлемде айыппұл салу;

В) барлық футболмен байланысты қызметпен айналысуға тыйым салу;

Г) уақытша шараларды жариялау, өзгерту және күшін жою.

3. Комитет Төрағасы Комитеттің барлық отырыстарында төрағалық етуші болып табылады. Ол болмаған жағдайда Комитет мүшелері өз отырыстарында қатысып отырған Комитет мүшелерінің ішінен төрағалық етушіні таңдайды.

**17 бап. Әдеп жөніндегі комитет хатшысы**

1. Хатшы бір мезгілде дауыс беру құқы бар комитет мүшесі болып табылады.

2. Хатшы тексеріс жүргізумен, отырысты дайындаумен, қажет болған жағдайларда тұлғаларды отырысқа шақырумен байланысты әкімшілік және құқықтық жұмысқа жауапты, сонымен қатар хаттамалар, қорытынды есептер мен шешімдерді дайындайды.

3. Хатшы кем дегенде он жыл сақталуға тиіс мұрағатқа жауапты.

4. Хатшы тек қана Комитет төрағасы мен мүшелерінің тапсырмасы бойынша әрекет етеді.

5. Түскен материалдар бойынша тексеріс жүргізу барысында толық әрі объективті тексеру жүргізу үшін қажетті түсініктемелерді сұратады, құжаттарды талап етеді.

**18 бап. Әдеп жөніндегі комитет мүшелерінің тәуелсіздігі**

1. Комитет мүшелері өз шешімдерін қабылдау кезінде тәуелсіз және үшінші жақтың әсер етуін болдырмауға тиіс.

2. Комитет мүшелері ҚФФ Атқару комитетінің немесе қандай да бір тұрақты комитетінің мүшесі бола алмайды.

**19 бап. Әдеп жөніндегі комитеттің отырысы**

1. Комитет отырыстары жабық түрде өткізіледі.

2. Комитет отырыстары оның отырысында үштен кем емес мүшесі қатысып отырса құзыретті болып саналады.

3. Комитет мүшелері өз міндеттерін басқа тұлғаларға өкілеттік ретінде бере алмайды.

4. Комитет отырыстары іс жүргізіліп жатқан тұлғаның қатысуынсыз өткізіледі. Қажет болған жағдайда Комитет тиісті тұлғаны түсініктеме беру үшін өз отырысына шақыруға құқылы.

**20 бап. <u>ҚФФ Жарғысы мен Тәртіптік регламентін қолдану</u>**

1. Комитет қасақана немесе абайсызда жасаған әрекет пен әрекетсіздікке қатысты ҚФФ Жарғысы және/немесе Тәртіптік регламентінде қарастырылған кез-келген санкцияны қолдануға құқылы.

2. Осы Кодексте басқа ережелер немесе Тәртіптік регламенттің ережелері осы Кодекстің мақсаттары мен мазмұнына қатысты қолданыла алмайтын жағдайларды қоспағанда, ҚФФ Тәртіптік регламентінің барлық ұйымдастырушылық және рәсімдік ережелері Комитет қарастыратын барлық істер бойынша тікелей қолданылады.

**21 бап. <u>Ынтымақтастық</u>**

1. Ресми тұлғалар осы Кодексті бұзу мүмкін немесе болған бұзушылықтар туралы дереу Комитетке хабарлауы қажет.

2. Футбол субъектілері мен ресми тұлғалар Комитет сұранымы бойынша барлық сұратылған ақпаратты беруге міндетті. Ақпаратты сұранымда көрсетілген мерзімде беру қажет.

3. Ресми тұлғалар Комитет шақыруы бойынша отырысқа келуге міндетті. Комитет отырыстарына шақырту факсимильді байланыс немесе басқа да тәсілмен жіберіледі.

4. Ақпарат бермеген және/немесе отырысқа келмеген жағдайларда Комитет ҚФФ Тәртіптік регламентіне сәйкес санкция қолдануға құқылы.

**22 бап. <u>Жауапкершілік</u>**

1. Ресми тұлға Әдеп кодексінің баптарын бұзатын барлық әрекеттері үшін қасақана немес абайсызда жасалғанына қарамастан жауапты.

**23 бап. <u>Әдеп жөніндегі комитеттің шешімдері</u>**

1. Комитет шешімдеріне Комитет төрағасы/төрағалық етуші мен хатшы қол қояды. Комитет шешімдері электронды пошта, факсимильді байланыс арқылы немесе басқа да қолжетімді тәсілмен жолданады.

2. Барлық тараптар қабылданған шешім туралы хабарландырылады.

3. Ресми тұлғаларға арналған шешімдер мен басқа да құжаттар қызығушылығы бар тұлғаларға тапсыру үшін тиісті футбол субъектісіне жолданады.

4. Комитет қабылдаған шешімдер оларға шағымдану мерзімі өткеннен кейін заңды күшіне енеді.

**24 бап. <u>Әдеп жөніндегі комитет шешімдеріне шағымдану</u>**

1. Апелляциялық комитетке ҚФФ Тәртіптік регламентінде қарастырылған жағдайлардан басқа, Комитет қабылдаған барлық шешімдерге апелляция жолдануы мүмкін.

**25 бап. <u>Басқа міндеттер</u>**

1. Бір мезгілде осы Кодекс пен ҚФФ Тәртіптік регламентіне жататын жағдайлар алғашында БТК тарапынан қаралады. Қандай болса да, екі комитет төрағасы нақты жағдайды қай комитет қарастыратыны туралы келісімге келуі

керек.

## IV. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

### 26 бап. Заңды күшіне ену, толықтырулар мен өзгерістер енгізу

1. Осы Кодекс ҚФФ Атқару комитеті бекіткен күннен бастап заңды күшіне енеді.

2. Осы Кодекс ол заңды күшіне енген күннен бастап туындаған барлық мәселелерге қолданылады. Егер күші жойылған Әдеп кодексінің талаптарына қайшы келмесе, осы Кодекс оны қабылдағанға дейін пайда болған қатынастарға да қолданылады.

3. Осы Кодекске толықтырулар мен өзгерістер ҚФФ Атқару комитетімен (Атқару комитеті бюросымен) енгізіледі.